

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**заң факультетінің 3 курс студенті:**  
**Жамашов Ерғазы**  
**Ғылыми жетекші: аға оқытушы**  
**Даубасова Сулушаш Шынжырханқызы**

### **Пара алудың субъектісі**

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп - қатерлерінің бірі болып табылады. Сондықтанда оны болдырмау, алдын-алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда. Алайда, жемқорлықпен күрес барысы күн сайын қарқын алып келеді дегенімізбен, жегі құртқа айналған осы бір қатерлі дерттен бойын аулақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да уақыт өткен сайын көбейе түсуде[1].

Мемлекеттік қызметпен мемлекеттік жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметі мүддесіне қарсы қылмыстың ерекше белгісі болып оларды арнайы субъектілердің жасауы, яғни жалпы субъектімен салыстырғанда белгілі ерекшеліктерімен сипатталатын адамдардың жасауы болып табылады. Арнайы субъект белгісінің ерекшелігі төмендегі мәселелерден көрінеді.

Олар қылмыс құрамының негізгі белгісі болып көрінеді, бұларсыз осы құрам болмайды.

Қылмысты саралау немесе ауырлату жағдайында қылмыс құрамын құрайтын саралау белгісі болып көрінеді.

Пара алу құрамын талдау осы қылмыстық субъектілері болып қызметкерлердің төрт санаты болуы мүмкін деген қорытындыға келуге негіз бар. Олар:

- Мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адамдар;
- Мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адамдарға теңестірілгендер;
- Лауазымды адамдар;
- Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар[2].

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 қыркүйектегі заңымен Қылмыстық кодекстің 13 тарауында елеулі өзгерістер, толықтырулар енгізілді. Осыған байланысты тараудың аты мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар деп аталады. Осы тараудағы көптеген қылмыстық баптардың диспозициясы өзгеріске ұшырады. Соның ішінде парақорлықтың ұғымының белгілері, оның субъектісіне байланысты тың жаңалықтар орын алды. Бұрынғы осыған дейінгі уақытта пара алу субъектісі тек лауазымды тұлға болса, жаңа өзгерістерге сәйкес пара алу субъектісінің қатары өсті, енді парақорлық субъектісіне мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адамдар не оған теңестірілген адамдар келіп қосылды. Қылмыстық заңда мұндай

тұлғалардың түсінігіне заңдылық анықтама ҚР Қылмыстық кодексінің 307 бабынан ескертуінде берілген. Осыған орай мемлекеттік қызметті атқаруға өкілетті адамдарға лауазымды адамдарды, Парламент мәслихаттарының депутаттары, судьялар және Қазақстан Республикасының мемлекет қызметтік туралы заңдарына сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер жатады.

1998 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді. Аталмыш заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тоқсауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі.

Осындай келеңсіз құбылыстармен бітіспес күрес жүргізу тек сот, құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың міндеті емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы. Мемлекеттік органдарда жұмыс жасайтындардың өзгенің тағдырына, жұмысына деген немқұрайдылығы, тоңмойын шенеуініктердің тойымсыздығы, қарапайым анықтама алуы үшін шеті мен шегі жоқ кезек көптеген азаматтар мемлекеттік қызметкерлерді пара алуға өздері арандатады. Өйткені халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімділік жетіспейді. Сол себепті де мұндай ауыр кеселді тек мемлекеттік және құқық қорғау органдарының күшімен жеңе алмаймыз. Жемқорлықпен күресуді бүкіл халық болып қолға алсақ қана тоқтатуға болады.

Мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адамдарға: жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентінің, Республика Парламенті мен мәслихаттарының депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдардың мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы мемлекеттік бюджеттік қаражатынан төленетін қызметшілер, мемлекеттік органдарда және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес процент болатын ұйымдарды басқару қызметін атқаратын адамдар теңестіріледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне енгізілген осы жаңалыққа сәйкес бұдан былай барлық мемлекеттік қызметшілер, басқа да қызметшілер паракорлық субъектісі болып табылады. Демек, паракорлық субъектісінің саны бұрынғы заңға қарағанда едәуір ұлғайды. Лауазымды адамдар ендігі жерде паракорлықтың ауырлататын белгісінің субъектісі болды. Бұрынғы заңда паракорлық субъектісі тек лауазымды тұлға болса, енді пара алудың негізгі құрамының субъектісі болып мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті және соған теңестірілген адамдар табылады. Осы заңға енгізілген толықтырулар мен өзгертулердің түсініксіз жақтары да бар[3].

Біріншіден, бұл қылмыстық заңға енгізілген өзгеріс сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңда көрсетілген субъектілер тізімін өзгертпестен енгізген мемлекеттік қызметші мен лауазымды тұлға деген түсініктердің арасы жойылып кеткен. Екіншіден, осы заңда мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адамдарға – лауазымды адамдар жатады деп тікелей айтылған. Сонда осы ҚК-тің 307-бабының ескертуінің бірінші бөлігінде көрсетілген лауазымды адамдардың, осы ескертудің үшінші бөлігінде айтылған лауазымды адамдардан қандай айырмашылығы бар екендігі түсініксіз болып қалған. Осыған орай қылмыстық заңда лауазымды адамдардың түсінігі екі топқа бөлініп берілген. Болашақта мұндай қарама-қайшылықтар заңдылық тұрғыда түзелуі тиіс.

Жалпы алғанда паракорлық субъектісі көбінесе лауазымды адамдар болады. Бұрын айтып өткеніміздей "лауазым адамы" деген термин 1926 жылғы РСФСР ҚК-де пайда болды, бірақ осы ұғым заңда берілген жоқ. Лауазымды қылмыстардың арнайы субъектісі жайлы теориялық мәселені зерттеу қылмыстық-құқықтық әдебиетте практика талабынан туындады. Бірақ бұл процеске заң оперативті жедел түрде көңіл бөлмеді[4].

ССРО Жоғарғы Сотының Пленумының шешімдеріндегі кімдерді лауазым иесіне жатқызу керек деген мәселе бойынша көптеген түсіндірмелерге қарамастан сот практикасында біраз қателіктер орын алды. Қылмыстық құқықта лауазым иесі ұғымын анықтаудағы қиындық екі түрлі жағдаймен түсіндіріледі. Біріншіден, бұл ұғымның белгісін айқын көрсетудің және оған түпкілікті анықтама берудің қиындығы соңғы кезде ерекше байқалды. Елде жүріп жатқан жалпы өзгерістер билік құрылымдарында өзгеріске ұшыратып, осы кезге дейін белгісіз лауазымдарды туғызды және бұрынғы өмір сүргендерінің біразын жойды. Екіншіден, лауазымдық тұлға түсінігін ғылымда да және заңда да осы санаттағы адамдарға жатқызуға салалық көзқарастың үстем болуы жағдайды қиындата түседі. Әдетте, салалық заң ғылымы өкілдері лауазымдық тұлға ұғымын құқық саласының ерекшеліктерімен байланысты қарады (әкімшілік, еңбек, конституциялық және т.б.).

Заң әдебиетінде лауазымдық тұлға ұғымына оның салалық ғылымда жасалған әртүрлі анықтамаларды сараптау негізінде толық жан-жақты толыққанды анықтама беруге қадам жасалды. Бірақ осы әрекеттерді сәтті деп айтуға болмайды. Осыны есепке ала отырып, кезінде В.С. Тадевосян қылмыстық кодексте лауазымдық тұлға ұғымы анықтамасын беруден мүлде бас тартуды ұсынды[5].

Біздің заңымыз бұл жолмен жүрмеді, себебі бұл сот практикасындағы әртүрлілікке және лауазымдық тұлға ұғымын әртүрлі түсіндіруге әкеліп соғар еді.

Сонымен, ҚК-тің 307 бабының түсіндірмесінде, ескертуіне сәйкес: тұрақты немесе уақытша арнаулы өкілеттік бойынша өкіметтің өкілі қызметін жүзеге асырушы не мемлекеттік органдарда жергілікті өзін-өзі басқару органдарында сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінде ҚР-сының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында

ұйымдастырушылық-әкімшілік немесе әкімшілік шаруашылық қызметтерді орындаушы адамдар лауазымды адамдар деп танылады[6].

Бұл жағдайда лауазым адамы белгісін анықтаушы ұғым болып заңда көрсетілген қызметтердің мәні, ол адамның заңда көрсетілген қызметті атқаруы оның орындайтын міндеттерінің сипаты көрсетілген.

Демек, заң субъектілерінің бірінші санатында:

- а) Үкімет өкілін атқарушы адамдарды;
- б) Ұйымдастырушылық - әкімшілік немесе әкімшілік – шаруашылық қызметтерді заңда көрсетілген құрылымдарда атқарушы адамдарды жатқызады.

Әрине, қылмыстық заңда қылмыстың арнаулы субъектісі ретінде лауазым адамының маңызды және субъект ретіндегі жалпы белгілері қарастырылған. Қызмет мәнінің, олардың мазмұнын ашу арқылы адамды лауазымды адам қатарына қосуға мүмкіндік туады.

Заң әдебиетінде барлық көрсетілген адамдар тобын лауазымдық қылмыс жайлы жалпы ілім контекстінде де, және олардың жеке түрлерін зерттеу барысында да қарауға көп көңіл бөлінді. Бірінші рет аталған қызметтердің мазмұны ССРО Жоғарғы Сотының 30.03.1990 жылғы Пленумының №4 "Билікті немесе қызмет жағдайын теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілетті шамадан тыс асыру, салақтық және лауазымдық жалғандық туралы істер бойынша сот практикасы туралы" қаулысында толық ашылған.

Үкімет өкілінің функциясы. Үкімет өкілі ұғымы біздің заңға қашаннан белгілі. 1997 жылы ҚР ҚК қабылданғанға дейін оның мазмұны ССРО Жоғарғы Сотының Пленумының жоғарыда аталған қаулысында ашылды. Ол қаулыға сәйкес, өкімет өкілі дегеніміз өз қызметінің түріне қарай оларға бағынышты қызметкерлерге қатысты ғана емес, сонымен бірге олардың әкімшілік бағынысында оларға қызметтік бағынышты емес азаматтарға қатысты да өкіметтік функцияларды жүзеге асыру өкілеттілігі берілген адамдар.

Пленум бұл шешімімен негізсіз өкімет өкілдерінің шеңберін тек мемлекеттік қызметкерлермен шектегенін атап өту қажет. Үкімет өкілі өкілеттілігі мемлекеттік қызметте тұрмайтын адамға да заңмен берілуі мүмкін. Мұндай адамдарға, И. Клепцийдің пікірі бойынша алыс сапарларда жүрген теңіз кемелерінің капитандарын және присяжный және халық заседательдерін және басқаларды жатқызуға болады.

Бірінші рет өкімет өкілі ұғымының түсінігін Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңы атап берді. ҚР ҚК-нің 320 бабының ескертуінде өкіметтің өкілдігі деп оған қызмет жағынан тәуелсіз адамдарға қарсы қатысты заңмен белгіленген тәртіпте өкім ету өкілеттілігі берілген мемлекеттік органның лауазымды тұлғалары айтылады. Принципінде өкімет өкілі ұғымына келтірілген анықтамасының мәнді өзгерісі жоқ. Дегенмен, Б.В. Волженкиннің ескертуі логикалық тұрғыдан дұрыс болып есептелінеді. ҚР ҚК берген анықтамаға қатысты, ол "бұл анықтаманы "лауазым иесі" анықтамасымен салыстырғанда оның айқын еместігі және тавтологиялығы көрінеді: өкімет өкілі болып лауазым адамы танылады, ал лауазым адам – бұл

өкімет өкілі функциясын іске асырушы адам, яғни басқаша айтқанда лауазым адамы функциясын атқаратын адам"[7].

Жоғарыда айтылғандай, өкімет өкілінің қызметі оған қызметтік бағынышта болмайтын адамдармен қарым-қатынаста болады. Көптеген өкімет өкілдерінің мүлде қызметтік бағынышты адамдары болмайды, бірақ олардың азаматтардың кең, белгісіз шеңберіне қатысы бар өкімет өкілеттілігі болады. Демек, адамды өкімет өкілі деп тану үшін оның лауазымдық дәрежесі шешуші роль атқармайды, ал оған берілген мемлекеттік өкімет органдарына тән билік өкілеттілігінің нақты берілуі шешуші роль атқарады. Үкімет өкілі ықпалының сферасы мемлекеттік орган шегімен шектелмейді, ал оның сыртында жатады. Сондықтанда, өкімет өкілі нұсқаулы функциясын өкімет органы шегінде немесе одан тыс іске асыруына қарамастан ол лауазым иесі болып танылуы керек.

Сонымен бірге өкімет өкілінің өкілеттілігі тек ведомствалық мәселелерді шешуге байланысты белгілі шектеулерде ғана мәнді күшінде болады. Демек, балық қорғау, мемлекеттік заң қорғау инспекциясы қызметкерлері өздерінің осы функцияларын іске асыруға байланысты өкімет өкілдері ретінде көрінеді.

Үкімет өкілеттілігі функциясы биліктің үш тармағында – заң шығарушы, атқарушы және сот билігінде, мемлекеттік деңгейде де жергілікті өзін-өзі басқару органдары деңгейінде де іске асырылады. Заң шығарушы билік саласында өкімет өкілі болып Парламент депутаттары танылады. Жергілікті құрылымдарда жергілікті халық атынан міндетті шешім қабылдауға құқығы болатын, белгілі құрылым аумағында қызмет ететін жер, жергілікті мәслихат депутаттары да іске асыра алады.

Атқарушы билік саласында өкімет өкілдері болып ҚР Үкімет мүшелері және басқа да өкімет органдарының атқарушы билік өкілдері мен акимат атқарушы билік өкілдері, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары, сонымен қатар құқық қорғау және бақылау органдарының лауазым адамдары танылады.

Сот билігі саласындағы өкімет өкілдері болып ҚР Жоғарғы Соты судьялары, барлық деңгейдегі судьялар жатады.

Сот, тергеу, прокуратура органдарының техникалық қызметкерлер және әкімшілік құрамының белсенді емес құрамы, өкімет өкілдері болып таныла алмайды, олардың кейбіреуі лауазым иесі болып табылса да, бірақ өкімет өкіліне қатысы болмайды.

Мамандардың пікірлері бойынша "ішкі істер бөлімдері әскерлерінің әскери қызметшілері олар өздеріне жүктелген ҚР ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті сақтауда, қоғамдық қауіпсіздік пен төтенше жағдайда құқықтық режимді қамтамасыз етуде, мемлекеттік маңызды объектілерін күзетуде, арнайы жүктерде қорғауда, түзеу мекемелерін қорғауда, сотталғандар мен қамауға алынған адамдарды конвоймен алып жүруде, мемлекеттік күзет органдары қызметкерлерін, түзеу мекемелері мен тергеу изоляторлары бақылаушыларын және тағы басқаларды билік өкімет өкілдері деп есептеуге толық негіз бар".

Жалпы пікір бойынша, өкімет өкілдері болып, сондай функцияларды уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша атқарушы адамдар да танылады. Соңғыларға жеке алғанда, әртүрлі инспекторлардың, ревизорлардың, бақылаушылардың қызметке тағайындалмай тұрып өкілеттілікті орындауға тартылуы, сонымен қатар полицияның штаттан тыс қызметкері және басқа адамдардың тартылуы жатады. Азамат А. газетте аудармашы сонымен бірге полицияның штаттан тыс инспекторы болып жүріп, лауазым иесі болып танылып және пара алғаны үшін сотталған. Кейбір шет мемлекеттердің де қылмыстық құқығында "өкімет өкілі" ұғымына түсінік беріледі. Жеке алғанда, ҚР ҚК бойынша өкімет өкілі дегеніміз бұл герман құқығына сәйкес:

а) шенеунік немесе судья, б) басқа мемлекеттік құқықтық қызметтік қатынаста тұрады немесе в) өкімет органында немесе басқа мекемеде оның нұсқауы бойынша мемлекеттік басқару мәселелерін шешу үшін арнайы тапсырыспен тағайындалған адам.

Ұйымдастырушылық-әкімшілік функциялары ұжымды басқарудан, басқа қызметкерлердің қызметтік немесе өндірістік жұмысын ұйымдастырудан (жұмысқа алу, одан шығару, жұмысты жоспарлау, жұмысты ұйымдастыру, еңбек тәртібін қадағалау, шешімінің орындалуының бақылау және т.б.) тұрады. Мемлекеттік мекеменің кез келген қызметкерлердің қызметін тексеріп және жұмыстарын бағыттап ұйымдастырушы адам ұйымдастырушылық-әкімшілік функцияны атқаратын лауазым иесі адам болып табылады. Мұндай функцияларды, атап айтқанда министрліктер, комитеттер департаменттер ведомства басшылары және ғылым мәдениет білім мекемелері басшылары іске асырады[8].

Үкімет өкілдері функциясын атқарушылардан бұл аталған адамдардың қызметі өздері қызмет ететін ведомства немесе оның құрылымдық бөлімшелерімен шектеледі. Әкімшілік-шаруашылық функциясы – бұл дегеніміз мемлекеттік мүлікті басқару және жұмсау; оның сақталу тәртібін белгілеу қайта өңдеу, өткізу тәртібін белгілеу, материалдық байлықтың жұмсалу есебін алу, ақша қаражаты мен құжаттарды алу және беру және басқа да өкілеттік болып табылады. Осындай өкілеттіліктерді әртүрлі деңгейдегі жоспарлау – шаруашылық жабдықтау, қаржы бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары және тағы басқалары жүзеге асырады.

Жаңа ҚК-те мұндай мәлім жоқ. Бірақ аталған функцияларды іске асыру адамның белгілі бір қызметте болуын көрсететіні айқын.

Атап өткеніміздей, лауазым иесі деп – мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, мемлекеттік мекемелерде, сонымен қатар ҚР қарулы күштерінде басқа да әскерлер мен әскери бөлімшелерде сәйкес функцияларды атқарушыларды түсіну керек.

Аталған қылмыстар субъектісі болып осындай функцияларды қоғамдық бірлестіктерде, партияларда, коммерциялық құрылымдарда біріккен кәсіпорындар атқарушылар болып танылмайды. Адамдардың бұл категориясы үшін қылмыстық жауапкершілік ҚР ҚК-нің 8-ші тарауында

коммерциялық және басқа да ұйымдар қызмет мүддесіне қарсы қылмыстар да қарастырылған.

Мемлекеттік орган деп мемлекеттік механизмінің жеке белгілі бір функцияны іске асыру үшін мамандандырылған және соған сәйкес құзыретке бейімделген бөлігін түсінеміз[9]. Мемлекеттік органдар жүйесі заң шығарушы, атқарушы және сот билігін құрайды.

ҚР-ның жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органы деп сайланатын және жергілікті мәселені шешуге өкілеттілігі бар басқа да мемлекеттік өкімет органдары жүйесіне кірмейтін органдар танылады.

ҚР-ның Азаматтық кодексіне сәйкес мемлекеттік мекемелерге жеке меншік иесінің басқару әлеуметтік, мәдени немесе басқа да коммерциялық емес тұрғыдағы және өзі толық немесе жартылай қаржыландыру үшін құрған ұйымдар жатады[10].

Бұл жағдайда мемлекет немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы құрған мекемелер жайлы әңгіме болып отыр. Оларға мемлекеттік мәдениет мекемелері, ғылым, денсаулық сақтау және т.б. жатады. Бұл мекемелердің қызметкерлерін лауазым иелеріне егер олардың заңға сәйкес билік жүргізуге құқығы болса ғана жатқызылады. Атап айтқанда, мемлекеттік нотариалдық кеңседе жұмыс істейтін нотариус лауазым иесі болып табылады.

"Қорғаныс туралы" заңға сәйкес ҚР-ның Қарулы Күштеріне әскери басқарманың орталық органдары, құрылымдар, бөлімдер әскери құрама түрлеріне және Қарулы Күштеріне кіретін әскери бөлімдер мен ұйымдар жатады.

Басқа әскер мен әскери бөлімдерге ИБ ішкі әскерлері, мемлекеттік байланыс әскері, жол бойы әскері, ҚР төтенше жағдайы агенттігі әскері, әскеридендірілген таудан қорғау бөлімдері, ҚР шекара әскерлері жатады. Қорғаныс саласында жекелеген мәселелерді шешу үшін инженерлік-техникалық органдардағы атқарушы билік органдарының жол құрылыс әскери бөлімшелері тартылады.

Белгілі бір қызмет бойынша міндетті орындаушы адам лауазымдық қылмыс субъектісі болып егер, көрсетілген міндеттер ол адамға белгілі бір тәртіп бойынша берілсе танылады. Мұның болмауы осы қылмыс үшін жауапкершілікті жою керек.

ҚР-ның Қылмыстық Кодексі өкімет өкілі функциясын немесе ұйымдастырушылық әкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық функциясын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша орындалу мүмкін деп атап көрсетті. Заң әдебиетінде арнайы өкілеттілік деп адамға қызметке тұрмай тұрып ұйымдастырушылық-әкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық сипаттағы әрекеттерді арнайы құқықтық акт негізінде уақытша бір реттік тапсырмаларды орындау мақсатында жасауға құқық беру танылады. Демек, "арнайы өкілеттілік" үшін бірнеше белгілердің болуы қажет: а) аталған функцияларды орындау үшін қызметке тұрақты тұрудың қажеті жоқ; б) арнайы өкілеттілік керек, яғни заңдық күші бар арнайы өкілеттілікті

белгілейтін акт керек; в) арнайы өкілеттілікті, әдетте бір реттік немесе қысқа мерзімдік сипат алады[11].

Мұндай адамдар қатарына присяжной заседательдері, мемлекеттік органдар өкілеттілік берген қоғамдық контролерлер мен ревизорлар, медициналық шақыру комиссиясы мүшелері тағайындалған дәрігерлер және басқалар жатады. Аталған әрекеттерді жасауға құқығы бар ұйымдар немесе адам арнайы өкілеттік бере алатынын есте сақтау қажет.

Заңға сәйкес, арнайы өкілеттілік бойынша лауазымдық міндеттерді орындауды, оларды уақытша орындаудан ажырата білу қажет. Біз екіншімен салыстырғанда біріншінің кейбір жағдайларда қатаң заңдық зерттелуін талап ететінін қысқа мерзімділік немесе бір реттік сипатын және ең соңында қызмет орнына орналаспай-ақ тапсырманы орындайтынын келтірдік. Егер қызметке белгілі бір мерзімде тұру немесе белгісіз мерзімге тұру орын алса, онды сөз тек уақытша тапсырма жөнінде ғана болады, ал ол арнайы өкілеттілік бойынша міндетті орындауға жатпайды.

Қарастырылып отырған қылмыс тобы субъектісін анықтау барысында, адам өз жұмысына байланысты тек мерзімді уақытта ғана ұйымдастырушылық-әкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық сипаттағы жұмыстарды орындау жағдайында белгілі бір қиындықтар туындайды. Бұл жерде мұғалімдер, дәрігерлер, тәрбиешілер және басқа да адамдар жайлы әңгіме болып отыр.

Мысалы, дәрігер пациенттің жұмысқа жарамсыздығын анықтай отырып, оны жұмыстан босататын құжат бере отырып мүгедекті анықтайтын, ҚР Қарулы Күштеріндегі қызметтен босататын комиссия мүшесі болып табылса, ол лауазым адамы функциясын орындайды.

Басқа жағынан алғанда, бұл адамдар таза өндірістік кәсіптік функцияны да орындауы мүмкін: дәрігер ауруға диагноз қояды, емдеу курсы белгілеп, орындайды, операцияларды іске асырады және басқалар.

Осы екі адамға қатысты мынадай тәртіп бар, ал ол бойынша олар пара алу субъектісі болып тек заңда көрсетілген ұйымдастырушылық-әкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық сипаттағы функцияларды орындау кезінде ғана болуы мүмкін. Кәсіби немесе өндірістік міндеттерді орындау жағдайында олардың лауазымдық функциясы болмайды және пара алу субъектісі болып танылмайды. Олардың іс-әрекетінде басқа қылмыс құрамы болса сол үшін жауап беруі мүмкін.

Сот тәжірибесінде парақорлықтың субъектісі әртүрлі салада істейтін лауазымды тұлғалар болып отыр. Оны мына төмендегі сот тәжірибесі ашып көрсетер.

Парақорлық - қоғамымыздың өткен ғасырдағы басынан кешірген кеңестік дәуірдің, сонымен қатар қазіргі уақыттағы мемлекетіміздің экономикалық, саяси дамуы кезіндегі және алдағы уақыттағы дамуына бірден-бір кедергілер қоғамдағы кара дақ болып отыр. Өткен ғасырдың аяқ кезінде кеңестік дәуірдегі қоғамдық қатынастардың кең көлемде бұзылуынан басталып, мүліктерді мемлекет меншігінен алып, жекешелендіру жаңаша дамып одан әрі құқықтық мемлекет құру барысында мемлекетіміздегі



қоғамдық радикальды өзгерістерді іске асырушылар мемлекеттік органдардағы лауазымды адамдардың заң жолымен жүруіне дұрыс қамқорлық жасамады. Қоғамымыздың бір кезеңнен екінші бір кезеңіне өту кезінде етек жайған қылмыстың бір түрі - паракорлық, әсіресе оның аса қауіптісі мемлекеттік қызмет саласындағы қылмыстардың болуы. Мұның өзі осы аталған келеңсіз қылмыстың әлі де болса біздің қоғамымызда орын алып отырғандығын көрсетеді.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Н.А. Назарбаев. Қазақстан–2030 (Барлық Қазақстандықтардың әл-ауқатының жақсаруы, гүлденуі және қауіпсіздігі. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы).
2. Ағыбаев А.Н. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с коррупцией. Алматы, "Қазақ Университеті" 2003 ж. 117 б.
3. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Оқулық. Алматы, Жеті жарғы, 2004 ж.540 б.
4. Здравомыслов Б.В. Должностные преступления понятие и квалификация. М., 1975 г. 280 Стр.
5. Наумов В.В. объект преступления как основной элемент преступности "Мысль" №4, 2003 г. 126 Стр.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 16 шілде 1997ж Алматы, Юрист 2012- 141 б
7. Таций В.Я. Объект и предмет преступления по советскому уголовному праву. Харьков,1982 г. 76 С.
8. Лунеев В.В. Объективизация криминологических показателей в системе контроля преступностью. //Криминологические и уголовно-правовые идеи борьбы с преступностью. М,1996 г. 96 б.
9. Карпец И.И. Преступность: иллюзии и реальность. М, "Российское право", 1992 г., 380 С
10. ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) Алматы Жеті жарғы 2012 ж 455 бет
11. Волженкин Б.В. Что мешает эффективной борьбе со взяточничеством//Социалистическая законность. №8, 1990 г